

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022ж. « 22» маусымда жарияланған

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрдің  
орынбасары – қаржы министрі  
Е.К. Жамаубаевқа**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!

Өкінішке орай, елімізде құрылысы ондаған жылға созылған жобалардың саны азаяр емес. **Басы бар, аяғы жоқ** нысандардың бастапқы құны жыл санап еселеп артуда. Бұл өз кезегінде халықтың салығынан жиналған миллиардтаған қаржының **құмға сіңген судай** тиімсіз игерілуінің айқын көрінісі. Аталған мәселеге қатысты Мемлекет басшысы Үкіметке тиісті тапсырма бергенімен, орындалуы әлі де ақсандап тұр.

Аймақтардағы жобалардың біріне қаржы жетпесе, бірінің мердігері жауапсыз. Салдарынан екі ортада жұртшылық әбігерге түсіп, билік пен бұқараның ортасында түсініспеушілік туындауда. Үкімет құрылысы жыр болған нысандарды аяқтаудың орнына жыл сайын жаңа жобаларды қаржыландыруын тоқтатар емес.

Әлі күнге дейін еліміз бойынша аяқсыз қалған жобалардың нақты тізімі жоқ. Ұлттық экономика, Қаржы министрліктері мен аймақтық әкімдіктер ұсынған ақпарат бір-біріне кереғар, мүлде сай келмейді. Жергілікті әкімдіктер ұсынған мәліметтерге сәйкес Қарағанды облысында **27 нысан**, Елордамызда **16**, Түркістан облысында **11**, Маңғыстау облысында **10** нысан тұралап, «сақалды» құрылыстың көшін бастап тұр. **Олардың көбі халық игілігіне жарайтын әлеуметтік нысандар, яғни балабақша, емхана мен мектептер.**

Мысалы **2014 жылы** бастау алған Өскемен қаласындағы мамандандырылған **халыққа қызмет көрсету орталығының**, сондай-ақ осыдан **8 жыл** бұрын «Саламатты Қазақстан» бағдарламасымен басталған Семей мемлекеттік медицина университеті жатақанасының құрылыстары қаржы жетіспеушілігінен жылдар бойы тоқтап тұр. Қос жобаны аяқтауға қосымша **3,5 млрд.теңге** қажет.

## **Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!**

Ең болмаса Мемлекет басшысы жариялаған «Балалар жылының» аясында құрылысы **2013 жылы** басталған **Қарағанды** қаласындағы 200 орындық облыстық **көпсалалы балалар ауруханасын**, осыдан 9 жыл бұрын Жезқазған қаласында кірпіші қаланған **320 орындық балабақшаны** ағымдағы жылдың соңына дейін іске қосуды сұраймыз. Жоғарыдағы мысалдарды тізбектей беруге болады. Күнде ертеңнен шаршаған халық, құр уәдеге сенуден қалған. Сол себепті әр нысан бойынша нақты шешім қажет.

## **Құрметті Үкімет мүшелері!**

Жоғарыда баяндалған мәселеге қатысты **келесі ұсыныстарды негізгі алуды сұраймыз:**

- ел аумағындағы құрылысы ондаған жылға созылған нысандардың нақты, әрі жүйелі **тізімін тез арада жасақтауды;**
- тұралап қалған әр нысан, оның ішінде әлеуметтік объектілерді аяқтау бойынша **іс-әрекет жоспарын даярлауды;**
- ауқымды, қаражатты көп қажет ететін жобалар бойынша арнайы **инвестициялық ұсынымдарды әзерлеу қажет.**

Үкімет бұл мәселені ерекше бақылауға алып, қабылданған шаралар туралы заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабарлауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының депутаттары**

**М. Ахметов  
Е. Абақанов  
Е. Бейсенбаев  
Ғ. Елеуов  
З. Камасова  
Н. Ожаев**

**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаты**

**Б. Дүйсенбинов**

✉ *А.Жұмамұратова*  
☎ 8(7172) 74-62-06,  
✉ [Zhumamuratova@parlam.kz](mailto:Zhumamuratova@parlam.kz)